



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИБИ: өндірісте, қызмет көрсетуде және құрылыста іскерлік белсенділік артып келеді


*2024 жылдың шілде айындағы іскерлік белсенділік туралы
Қазақстан Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Рүстем Оразалиннің түсіндірмесі*

2024 жыл, 2 тамыз

2024 жылдың шілде айында Қазақстандағы іскерлік белсенділіктің өсімі біршама баяу қарқынмен жалғасты. Жалпы, **іскерлік белсенділік индексі (ИБИ)** алты ай қатарынан оң аймақта қалып отыр.

Шілде айының қорытындысы бойынша өндірісте, қызмет көрсетуде және құрылыста іскерлік белсенділіктің артқаны байқалды – аталған секторларда ИБИ өсу аймағында қалыптасты. Атап айтқанда, өндірісте индекс өзгеріссіз қалып, **51,7** құрады, қызмет көрсету мен құрылыста біршама төмендеп, сәйкесінше **51,0** және **50,5** құрады (*маусымда – 51,6 және 51,7*). Бұл секторларда жеткізу мерзімінен басқа барлық компоненттер жақсарды.

Тау-кен өнеркәсібінде бұл көрсеткіш аздап **49,6**-ға дейін (*маусымдағы 49,5-тен*) өсті, бірақ тауарлы-материалдық қорлар көлемінің төмендеуіне байланысты теріс аймақта қалып отыр.



Кәсіпорындардың бағалауы бойынша, олардың өнімі мен қызметіне сұраныс артып келеді. Шілдеде сұраныс артқанын атап өткен кәсіпорындардың үлесі едәуір ұлғайды; көрсеткіш толық бақылау кезеңінде ең жоғарғы мәнге жетті.

2024 жылғы шілдеде **бизнес-ахуал** индексі біршама өсті. Бизнес жүргізудің ағымдағы және болашақ шарттары оң бағаланады. Нәтижесінде бизнес-цикл «сағатының» индикаторы **өсу** аймағында қалды.

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/page/indeks-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz